

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі Білім басқармасының
«Батыс Қазақстан облыстық әдістемелік орталығы» КММ

«Бекітілді»

БҚО ББ БҚО ӘО

директоры

Г.Кубашева



«Келісілді»

БҚО ББ БҚО ӘО

директорының орынбасары

А.Масалимов

«Енгізілді»

БҚО ББ БҚО ӘО МдТО

бөлімінің басшысы

Д.Кудашева

«JUNIOR EDUCATOR SKILLS:
ЖАС МАМАННЫҢ ДАМУ МОДЕЛІ»
ЖОБАСЫ

**«Junior Educator Skills: Жас маманның даму моделі»
ЖОБАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ**

Junior Educator – жас мұғалім, бастапқы деңгейдегі оқытушы
Skills – дағдылар, қабілеттер, біліктіліктер
Ұраны: «Жас маманнан – кәсіби көшбасшыға!»

Жобаның атауы	«Junior Educator Skills: Жас маманның даму моделі» мектепке дейінгі ұйымдардағы жас тәрбиешілер және колледждің студенттеріне арналған кәсіби өсу жобасы
Жобаның мақсаты	Жас мамандардың кәсіби дағдыларын, әдістемелік мәдениетін, заманауи білім беру технологияларын меңгеруін және педагогикалық шеберлігін жүйелі дамыту арқылы мектепке дейінгі ұйымдардағы жас тәрбиешілер мен колледж түлектерінің білікті, сапалы кадр болып қалыптасуына жағдай жасау
Негізгі міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> ✓ жас мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған әдістемелік қолдау жүйесін қалыптастыру; ✓ заманауи білім беру технологияларын меңгерту мақсатында танымдық іс-шаралар ұйымдастыру, әдістемелік тәжірибе алмасу алаңын құру; ✓ өздігінен білім алу, кәсіби рефлексия және шығармашылық ізденіс дағдыларын дамытуға жағдай жасау; ✓ теориялық білім мен практикалық дағдылардың сабақтастығын қамтамасыз ету арқылы кәсіби бейімделуін қолдау; ✓ жас мамандардың кәсіби мотивациясын арттыру және педагог мамандығының беделін нығайтуға ықпал ету.
Жобаның жүзеге асыру уақыты	3 жыл (2026 жыл, 2027 жыл, 2028 жыл)
Күтілетін нәтижелер	<ul style="list-style-type: none"> ✓ мектепке дейінгі ұйымдардағы жас мамандардың кәсіби құзыреттілігі мен педагогикалық шеберлігі артады; ✓ заманауи білім беру технологияларын оқу-тәрбие процесінде тиімді қолдана алады; ✓ әдістемелік мәдениеті қалыптасқан, инновациялық тәсілдерге бейім, өзін-өзі дамытуға, шығармашылық ізденіске және кәсіби өсуге деген ынтасы артатын педагог кадрлар қатары көбейеді; ✓ тәлімгерлік жүйе жолға қойылып, тәжірибелі педагогтер мен жас мамандар арасындағы кәсіби сабақтастық нығаяды, колледж түлектерінің кәсіби бейімделу кезеңі жеңілдеп, жұмысқа тез әрі сапалы кірісуі қамтамасыз етіледі, модератор ретінде жұмыс жүргізе алады; ✓ мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру сапасы жақсарып, ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орната алатын білікті әрі тұрақты педагог кадрлар қалыптасады.
Жобаға қатысушылар	<ul style="list-style-type: none"> ✓ 3 жылға дейін еңбек өтілі бар тәрбиешілер ✓ Колледждің 4 курс студенттері

А.Т.Мас

**Облыстық «Junior Educator Skills: Жас маманның даму моделі»
мектепке дейінгі ұйымдардағы жас тәрбиешілер және колледждің
студенттеріне арналған кәсіби өсу жобасы**

1. Жалпы ереже

1.1. «Junior Educator Skills: Жас маманның даму моделі» жобасы (бұдан әрі- жоба) – мектепке дейінгі ұйымдардағы 3 жылға дейінгі еңбек өтілі бар жас тәрбиешілерді (бұдан әрі-жас тәрбиешілер) және Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша 4 курс студенттерін (бұдан әрі- колледж студенттері) кәсіби қолдауға бағытталған ұзақ мерзімді дамыту алаңы.

1.2. Жобаның мақсаты:

❖ Жас мамандардың кәсіби дағдыларын, әдістемелік мәдениетін, заманауи білім беру технологияларын меңгеруін және педагогикалық шеберлігін жүйелі дамыту арқылы мектепке дейінгі ұйымдардағы жас тәрбиешілер мен колледж түлектерінің білікті, сапалы кадр болып қалыптасуына жағдай жасау.

1.3. Жобаның міндеттері:

- ✓ жас мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған әдістемелік қолдау жүйесін қалыптастыру;
- ✓ заманауи білім беру технологияларын меңгерту мақсатында танымдық іс-шаралар ұйымдастыру, әдістемелік тәжірибе алмасу алаңын құру;
- ✓ өздігінен білім алу, кәсіби рефлексия және шығармашылық ізденіс дағдыларын дамытуға жағдай жасау;
- ✓ теориялық білім мен практикалық дағдылардың сабақтастығын қамтамасыз ету арқылы кәсіби бейімделуін қолдау;
- ✓ жас мамандардың кәсіби мотивациясын арттыру және педагог мамандығының беделін нығайтуға ықпал ету.

1.4. Жоба қатысушылары

- 3 жылға дейін еңбек өтілі бар тәрбиешілер
- Колледждің 4 курс студенттері
- Шығармашылық топ: тәжірибелі педагогтер (әдіскерлер, тәрбиешілер)
- Куратор: облыстық әдістемелік орталығының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша әдіскері

2. Жобаның күтілетін нәтижелері:

- мектепке дейінгі ұйымдардағы жас мамандардың кәсіби құзыреттілігі мен педагогикалық шеберлігі артады;
- заманауи білім беру технологияларын оқу-тәрбие процесінде тиімді қолдана алады;



- әдістемелік мәдениеті қалыптасқан, инновациялық тәсілдерге бейім, өзін-өзі дамытуға, шығармашылық ізденіске және кәсіби өсуге деген ынтасы артатын педагог кадрлар қатары көбейеді;
- тәлімгерлік жүйе жолға қойылып, тәжірибелі педагогтер мен жас мамандар арасындағы кәсіби сабақтастық нығаяды, колледж түлектерінің кәсіби бейімделу кезеңі жеңілдеп, жұмысқа тез әрі сапалы кірісуі қамтамасыз етіледі, модератор ретінде жұмыс жүргізе алады;
- мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру сапасы жақсарып, ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орната алатын білікті әрі тұрақты педагог кадрлар қалыптасады.

3. Жобаның мазмұны, бағыттары және ұйымдастыруы

3.1. Жоба Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының Батыс Қазақстан облыстық әдістемелік орталығының қолдауымен ұйымдастырылады.

3.2. Облыстық әдістемелік орталығы Жобаның үйлестіруші-ұйымдастырушысы болып табылады және төмендегі бағыттар бойынша қызметті жүзеге асырады:

- озық педагогикалық тәжірибені тарату мақсатында Жобаны ашуды ұсынады;
- Жобаның ашылуына және жүзеге асуына қатысты құжаттарды ресімдейді;
- Жоба қатысушылармен қамтамасыз етуге ықпал етеді;
- Жоба қатысушыларына әдістемелік және практикалық тұрғыдан үнемі қолдау көрсетеді;
- Жоба жұмысының тиімділігіне сараптама жүргізіп, мониторинг жасайды;
- аудандық (қалалық) филиалдарының өзара ынтымақтастықта жұмыс жүргізуін қамтамасыз етеді және олардың қызметін үйлестіреді.

3.3. Жобалық жұмыстар аясындағы кездесулер аудандық (қалалық) мектепке дейінгі ұйымдар базасында ұйымдастырылады.

3.4. Жоба аясында семинар-практикум, дәріс, тренинг, шеберлік сыныптар, дөңгелек үстел, коучингтер түрінде тәжірибе алмасу алаңында жұмыстар жүргізіледі.

3.5. Жоба 3 жылға арналған, әр жыл сайын құрамы жаңартылады. Оқыту 2 күнде жүзеге асырылады. Қатысушылардың оқу жүктемесі - бір күнде 8 сағат, 2 күнге 16 сағат, барлығы бір жылда 32 сағат.

Жоба жұмысы 1 жылда 3 кездесуден атаулы модельдермен іске асырылады:

1- кездесу: Бейімделу «Junior Start» – Жас маманның алғашқы қадамдары.

2- кездесу: Тереңдету «Junior Pro» – Кәсіби құзыреттілікті арттыру

3- кездесу: Шеберлікке өту/moderator деңгейі «Junior Master» – Модератор деңгейіне көтерілу

3.6. Жобаға қабылдау аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің алдын ала жолдаған ресми сұраныстары негізінде жүзеге асырылады.

3.7. Жоба қатысушылары жыл ішінде ұйымдастырылатын үш кездесуге де толық қатысуы тиіс.

3.8. Жобаның кезіндегі кездесулер өзіндік модульдер арқылы ұйымдастырылады:

1- кездесу: Бейімделу «Junior Start» – Жас маманның алғашқы қадамдары.

- тәрбиешінің лауазымдық міндеттері
- жоспарлау және құжат жүргізу
- ойын технологиялары
- баланың жас ерекшелігі
- педагог этикасы мен коммуникация
- бақылау және өзіндік талдау негіздері
- жас маманға арналған практикалық тапсырмалар

Өткізу форматы: тренинг, семинар, практикалық сессия

2- кездесу: Тереңдету «Junior Pro» – Кәсіби құзыреттілікті арттыру

- инновациялық технологиялар (STEAM, ART-tech, ойын ортасы)
- цифрлық құзыреттілік (Canva, QR-код, Kahoot)
- инклюзивті білім беру
- ата-аналармен жұмыс формалары
- баланың даму мониторингі
- озат педагогикалық тәжірибені зерттеу
- шығармашылық шеберханалар

Өткізу форматы: коучинг, көрнекілік дайындау, тәжірибе алмасу

3- кездесу: Шеберлікке өту/moderator деңгейі «Junior Master» – Модератор деңгейіне көтерілу

Модульдер:

- ұйымдастырылған іс-әрекеттер және іс-шара әзірлеу
- қысқа мерзімді жобалар дайындау
- портфолио қалыптастыру
- «Үздік жас маман» байқауын өткізу

3.9. Жобаға қатысты құжаттар тізбесі:

Бұйрық - Әдістемелік орталықтың Жобаны ашу туралы бұйрығы;

Ереже - Жоба қызметін ұйымдастыру ережесі;

Жоспар - Жобаның жылдық жұмыс жоспары;

Хаттама - Отырыстардың хаттамалары;

Әдістемелік материалдар - Дәріскерлер мен модераторлардың оқу-әдістемелік материалдары;

Есеп - Жоба аясында орындалған жұмыстар туралы есеп және талдау;

Сұраныс - Аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің сұраныстары;

Тізім - Жоба қатысушыларының тізімі.

4. Жоба жетекшілері, шығармашылық тобы мен қатысушыларының міндеттері

Жоба куратор, шығармашылық топ, қатысушы педагогтер құрамында жұмыс жасайтын болады:

➤ Жоба жетекшісі облыстық әдістемелік орталығының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша әдіскері тағайындалады.

➤ Шығармашылық топтың құрамына кәсіби тәжірибелі педагогтер (әдіскерлер, тәрбиешілер) мен шығармашылық топтың мүшелері кіреді.

➤ Қатысушылар аудандық (қалалық) мектепке дейінгі ұйымдарының жас тәрбиешілері (еңбек өтілдері 3 жылға дейін), колледждің 4 курс студенттері бола алады.

4.1. Жетекші - Куратордың лауазымдық міндеттері:

➤ Жобаға қатысатын шығармашылық және модераторлық топты кәсіби деңгейіне сай іріктеу

➤ Жобаның жылдық жұмыс жоспарын әзірлеп, кезеңдер мен іс-шараларды нақтылау

➤ Аудандық/қалалық білім бөлімдерінен тыңдаушыларды анықтап, жобаға тартуды ұйымдастыру

➤ Жоба модульдерінің, семинар-тренинг, практикалық сессиялардың кестесін дайындау

➤ Дәріс оқитын шығармашылық топ құрамын бекіту және бағыттарға бөлу

➤ Қатысушылардың семинарлаға уақытылы қатысуын бақылау және ақпараттық ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу

➤ Жоба барысының жоспарға сәйкес жүзеге асырылуын қадағалау

➤ Жоба материалдарының, тапсырмаларының, нәтижелерінің сақталуын және құжатталуын қамтамасыз ету

➤ Жоба нәтижелеріне жүйелі талдау жасап, қорытынды есеп дайындау және ұсыну

➤ Аудандық/қалалық филиалдармен тұрақты байланыс орнатып, үйлестіру және әдістемелік қолдау көрсету.

4.2. Шығармашылық топтың лауазымдық міндеттері:

➤ Жоба жұмысына тұрақты және белсенді қатысу, бекітілген шараларды уақытында өткізу.

➤ Дәрістер, практикумдар, коучингтерге арналған оқу-әдістемелік материалдар әзірлеу.

➤ Практикалық тапсырмалар, тест материалдары, кейс-жағдаяттар және әдістемелік құралдар дайындау.



- Қатысушыларға түсіндіру, кеңес беру және тәжірибелік көмек көрсету.
- Шығармашылық, тренерлік, модераторлық шеберханаларды жүргізу.
- Қатысушылардың орындаған тапсырмаларын тексеру және кері байланыс беру.
- Қорытынды жұмыстар (тест, бақылау, жобалар қорғау) үшін бағалау критерийлерін әзірлеу.
- Әр модульдің нәтижелері бойынша шағын талдау дайындап, жетекшіге ұсыну.
- Үздік материалдар мен тәжірибелерді жинақтап, жоба қорына енгізу.
- Жоба барысында туындаған мәселелерді дер кезінде талқылап, шешуге ұсыныстар беру.

4.3. Қатысушы педагогтердің лауазымдық міндеттері:

- Жобаның барлық кезеңдеріне уақытылы және белсенді қатысу.
- Берілген тапсырмаларды белгіленген мерзімде және сапалы орындау.
- Жоба модульдерінде қарастырылған әдістемелерді өзінің білім беру тәжірибесіне енгізу.
- Практикалық іс-шараларға, топтық жұмысқа, шығармашылық шеберханаларға белсенді араласу.
- Өз қызметіне қатысты жүйелі рефлексия жүргізіп, кәсіби дамуды жоспарлау.
- Аудан/қала деңгейінде модератор ретінде жоба тәжірибесін тарату.
- Жергілікті филиалда коучинг, семинар, шеберлік сабақтарын өткізу. Өзінің іс-тәжірибесімен бөлісу.
- Жүргізілген жұмыстар бойынша мәтіндік және сандық есеп эссе дайындап тапсыру.
- Өз жетістіктерін жинақтап, педагог портфолиосын жаңартып отыру.
- Әріптестермен тәжірибе алмасып, шығармашылық ынтымақтастыққа белсенді қатысу.

5. «Junior Educator Skills: Жас маманның даму моделі» кәсіби өсу жобасының базалық мазмұны

5.1. Әдістемелік жұмыс

- мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің негізгі лауазымдық міндеттерін талдау және сараптау;
- Функционалдық сауаттылықты арттыру;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту Типтік оқу бағдарламасының зерделеу методикасы;
- Педагогтердің озат педагогикалық тәжірибе жұмысын енгізу, жалпылау, зерделеу;

- Әдістемелік жұмыстың теориясы, қызметін жаңадан бастаған тәрбиешілерге жадынама жасақтау, практикалық тапсырмаларды орындау;
- Сауалнама жүргізу бойынша материалдарды талдау, тәрбиешілердің жұмысына өзіндік талдау;
- Тәрбиеші жұмысындағы қиындық тудыратын мәселелерді шешу жолдары;
- Шығармашылық жұмыс (эссе).

6. Жоба жұмысының нәтижесі

6.1. Жоба қатысушыларына Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының Батыс Қазақстан облыстық әдістемелік орталығының жобаны аяқтағаны жөніндегі Сертификат беріледі.

6.2. «Үздік жас маман» байқауының жеңімпаздары– «Junior Educator Skills: Жас маманның даму моделі» жобасының аудандық модераторлары ретінде жалғастыра алады.

6.3. «Үздік жас маман» байқауының жеңімпаздары келесі жаңа қатысушылар кездесуінде өз іс-тәжірибесімен бөлісу құқығына ие болады.